

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында Мәдениет, ғылым және туризм саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық бағдарламасын жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 ақпандағы N 246 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет, ғылым және туризм саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық бағдарламасының жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі Дүйсен Қорабайұлы Қасейіновке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасында Мәдениет, ғылым және туризм саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық бағдарламасын жасасуға өкілеттік берілсін.

3. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасы Үкіметінің арасындағы Мәдениет, ғылым және туризм саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық бағдарламасына қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 сәуірдегі N 516 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Мәдениет, ғылым және туризм саласындағы ұзақ мерзімді ынтымақтастық бағдарламасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі (б ұ д а н ә р і - Т а р а п т а р) ,

Тараптар мемлекеттері халықтарының арасындағы өзара достық қарым-қатынастарды дамытуға және нығайтуға мүдделілікті назарға ала отырып, өзара тиімді негізде екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты дамытуға қолайлы жағдайларды көтермелеуге және жасауға ұмтыла отырып,

1996 жылғы 21 қазандағы Ташкент декларациясын іске асыру мақсатында, 1999 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы Экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын негізге ала отырып, мынадай салаларда ынтымақтасуға келісті:

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Бағдарламаға енетін қызметтің барлық түрлері Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

1.2 Осы Бағдарлама Тараптардың дипломатиялық арналары бойынша келісілетін басқа да қызмет түрлерін, сапарлар мен ұсыныстарды жоққа шығармайды.

1.3 Осы Бағдарламаның шеңберінде ғылыми зерттеулер әзірленімдерін өткізуге қатысты өтінімдер қатысушы Тарапқа дипломатиялық арналар арқылы сапардың болжанған күніне дейін төрт ай бұрын берілетін болады. Өтінімде жіберілетін адамдарға қатысты жалпы деректер, олардың болуының жоспарланған мерзімдері мен баратын орындары қамтылуға тиіс.

1.4 Осы Бағдарламаны іске асыруға қатысушы тұлғалар туралы ақпаратты қабылдаушы Тараптың уәкілетті органдарына дипломатиялық арналар арқылы жіберуші Тараптың уәкілетті органдары ұсынады.

1.5 Сапарларды жүзеге асыру барысында жіберілетін жекелеген адамдар мен делегациялардың қабылдаушы Тараптың мемлекетіне баруына және қайтуына байланысты шығыстар Бағдарламаға сәйкес жіберуші Тарапқа жүктеледі.

1.6 Тиісті іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі шығыстар қабылдаушы Тарапқа жүктеледі.

Тиісті іс-шараларды өткізу жөніндегі барлық қажетті құжаттар қабылдаушы Тарапқа оларды өткізудің болжанған күніне дейін үш ай бұрын жіберіледі.

1.7 Осы Бағдарламаны іске асыру жөнінде Тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі - мәдениет және өнер бөлігі бойынша, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі - ғылым және білім бөлігі бойынша, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі - туризм бөлігі бойынша;

Әзірбайжан тарапынан - Әзірбайжан Республикасының Мәдениет министрлігі - мәдениет және өнер бөлігі бойынша, Әзірбайжан Республикасының Білім министрлігі, Әзірбайжан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы - ғылым және білім бөлігі бойынша, Әзірбайжан Республикасының Жастар, спорт және туризм министрлігі - туризм бөлігі бойынша.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде дипломатиялық арналар арқылы Тараптар уақтылы хабарландырылады.

1.8 Осы Бағдарламаны іске асыру жөніндегі Тараптардың ынтымақтастығы Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасы шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

2. Мәдениет және өнер

2.1 Тараптар театр, бейнелеу, эстрада және цирк өнері, кинематография, кітапхана және мұражай ісі, тарихи-мәдени мұралар объектілерін қорғау, халықтың көркемөнерпаздар шығармашылығы, халық кәсіпшілігі және мәдени қызметтің басқа да түрлері саласындағы мәдени байланыстарды, мәдени алмасуларды және ынтымақтастықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

2.2 Тараптар мәдениет ұйымдары мен мекемелері арасындағы, шығармашылық одақтар, қоғамдық ұйымдар, қауымдастықтар, қорлар арасындағы шарттар негізінде тікелей ынтымақтастық орнатуға жәрдем көрсететін болады.

2.3 Уәкілетті органдар халықаралық мәдени акцияларды, бағдарламаларды, іскерлік жобаларды бірлесіп ұйымдастыратын және өткізетін, сондай-ақ мәдениет және өнер саласындағы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың ынтымақтастығын қолдайтын және үйлестіретін болады.

2.4 Тараптар мәдениет және өнер саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бағыттарын айқындау үшін консультациялар өткізетін, ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы өзара ақпарат беруді қамтамасыз ететін, жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен іс-шараларға өзара қатысу мүмкіндігін туғызатын болады.

2.5 Тараптар екі мемлекеттің азаматтары үшін өзара теңдестік негізінде Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасының мұражай және кітапхана қорларын құрайтын қалыптасқан жинақтарды, коллекцияларды және басқа да мәдени құндылықтардың қол жетімділігіне жәрдем жасайтын болады.

2.6 Тараптар фестивальдерді, конкурстарды, көрмелерді, симпозиумдарды, конференцияларды қоса алғанда, мәдениет және өнер саласындағы Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында өткізілетін халықаралық іс-шараларға өзара қатысуды көтермелейтін болады.

2.7 Тараптар өз мемлекеттерінің ұлттық кітапханалары арасында тікелей байланыстардың дамуына жәрдем көрсететін болады.

2.8 Тараптар тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау мәселелерімен айналысатын ұйымдар арасында, Ұлттық мұражайлар мен көркем галереялар арасында байланыстар орнатуға жәрдем жасайтын болады.

2.9 Тараптар осы Бағдарламаның мақсаттарына сәйкес келетін басқа да іс-шаралардың жүзеге асырылуына жәрдемдесетін болады.

3. Білім және ғылым

3.1 Тараптар мынадай бағыттар бойынша бірлескен зерттеулер жүргізетін болады:

Шығыс мәдениеті және ислам әлемі;
классикалық және қазіргі заманғы ориенталистика, көне және орта ғасырлардағы тілдер, әдебиет, тарих, этнография және музыка саласындағы түркология;
Каспий өңіріндегі сыртқы саясат, халықаралық қатынастар тарихы және ғаламдық

саяси, әлеуметтік-демографиялық, экономикалық проблемалар;

3.2 Тараптар түркі және жалпы тал білімінің өзекті проблемалары бойынша бірлескен ғылыми жобалар әзірлеу мен іске асыруды жүзеге асыратын болады.

3.3 Ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау мақсатында Тараптар ғылыми-зерттеу және лекция қызметі үшін мамандар алмасуды ұйымдастыратын болады.

3.4 Тараптар жалпы және түркі тіл білімі проблемалары, қазіргі заманғы лингвистика ғылымының, шығыстанудың, археологияның, тарихтың және этнологияның перспективалы бағыттары бойынша бірлескен конференциялар, кеңестер, семинарлар өткізетін болады.

3.5 Тараптар бірлескен археографиялық, археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастыратын болады.

3.6 Тараптар мемлекеттерінің жетекші ғылыми-зерттеу орталықтарында және кітапханаларында ғылыми жұмыс жүргізу үшін Тараптар мемлекеттерінің өкілдеріне Тараптар жәрдемдесетін болады.

3.7 Тараптар ғылыми жұмыстарды рецензиялауды және сараптауды, диссертациялық жұмыстарға оппонент болуды, ғылыми консультацияларды жүргізетін болады.

3.8 Тараптар екі мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес осы Бағдарламаның шеңберінде ынтымақтастық нәтижесінде құрылған зияткерлік меншікті қорғауды қамтамасыз етеді.

Патенттеу, авторлық құқық, өнеркәсіптік үлгілерді қорғауға байланысты зияткерлік меншікті қорғаудың нақты мәселелері, сондай-ақ осы құқықтарды пайдалану мәселелері, ықтимал қаржылық есеп-айырысулар жеке шарттармен реттеледі.

3.9 Тараптар нәтижелері толық немесе ішінара мемлекеттік құпияны құрайтын не Тараптардың бірінің мемлекеттік құпиясын құрайтын мәліметтерді қолданып бірлескен зерттеулер мен әзірленімдерді өткізу кезінде Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасын басшылыққа алатын болады.

4. Туризм

4.1 Тараптар өз мемлекеттерінде туризмнің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, төтенше жағдайларға, туризмдегі тұтынушылардың құқығын қорғау мен саяхат кезінде туристерге көмек көрсетуге байланысты ақпаратпен алмасуға ұмтылатын болады.

4.2 Тараптар өз мемлекеттерінің туристік компанияларының, қауымдастықтары мен қоғамдық ұйымдарының ынтымақтастығы үшін қолайлы жағдай жасайтын болады.

4.3 Тараптар екі ел туристік рыногының тұсаукесері, сондай-ақ Жібек жолында туризмнің даму перспективалары бойынша бірлескен іс-шаралар жүргізуге жәрдемдесетін болады.

4.4 Тараптар рекреациялық-танымдық, ғылыми, экологиялық туризмді дамыту үшін

Каспий теңізінде Ақтау - Баку бағыты бойынша бірлескен теңіз саяхаттарын ұйымдастыру ;

түркі тілдес елдердің тарихи дамыған жерлері бойынша туристік бағыттар ұйымдастыру ;

Каспий жағалауы өңірінде курорттық аймақтарды дамытуға жәрдем көрсету арқылы қолайлы жағдайлар жасауға ұмтылатын болады.

4.5 Тараптар туризм саласында жоғары білікті кадрлар даярлауда бір-біріне көмек көрсету мақсатында ғылыми қызметкерлер, сарапшылар, аспиранттар, тәлімгерлер және студенттер алмасуға ықпал ететін, жан-жақты байланыстарға, сондай-ақ туризм саласындағы қандай болмасын өзара іс-қимылға жәрдемдесетін болады.

4.6 Тараптар туризм саласындағы экономикалық-статистикалық ақпараттармен және қолданыстағы нормативтік құқықтық кесімдермен алмасатын болады.

4.7 Тараптар туристік фирмаларды, қауымдастықтарды және қоғамдық ұйымдарды тарта отырып, Жібек жолы бағытында туристік өнімді жылжыту жөнінде жарнамалық компания ұйымдастыруға жәрдемдесетін болады.

5. Қорытынды ережелер

5.1 Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды келіссөздер немесе консультациялар жолымен шешетін болады.

5.2 Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Бағдарламаның ажырамас бөліктері болып табылатын хаттамалармен ресімделетін осы Бағдарламаға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

5.3 Осы Бағдарлама қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күшіне енеді. Осы Бағдарлама белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың бірі осы Бағдарламаның қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алғаннан кейін алты айдан кейін өзінің қолданылуын тоқтатады.

2004 жылғы "___" наурызда Астана қаласында әрқайсысы қазақ, әзірбайжан және орыс тілдерінде, екі түпнұсқа данада жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Бағдарламаның ережелерін түсіндіру немесе қолдану бойынша келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Әзірбайжан Республикасының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК